



## «ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ПАРСЫ СӨЗДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Д.Ә. Балтабай<sup>1</sup>, Ә.М. Байбосын<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>А. Байтұрсынұлы Білім Академиясы, Астана, Қазақстан

E-mail: [baltabayev.dosjan@mail.ru](mailto:baltabayev.dosjan@mail.ru), [ali\\_baibosin@mail.ru](mailto:ali_baibosin@mail.ru)

**Аңдатпа.** Түркі жазба мұрасын, тарихи қолжазбалар мен жыр-дастандарды лингвистикалық тұрғыдан талдау – тілдің тарихи дамуын, қалыптасу жолдарын айқындауда маңызды орын алады. Зерттеу нысаны ретінде XVII ғасырда жазылған Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі алынды. Аталған туынды – түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, этнографиясы, географиялық атаулары жөнінде құнды мәліметтер беретін орта ғасырлық жазба ескерткіш. Бұл еңбек – Оғызнама дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Шежіре мәтінінің лексикалық құрылымында көне түркі сөздерімен қатар араб, парсы және моңғол сөздері де жиі кездеседі. Мақалада осы шежіреде кездесетін парсизмдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, олардың қазіргі қазақ тіліндегі, қазақтың фольклорлық мұраларындағы және жыраулар поэзиясындағы қолданыс аясын анықтау көзделеді. Тарихи лексикологияда кірме лексика, әсіресе араб және парсы сөздері біртұтас «араб-парсы лексикасы» ретінде қарастырылса, бұл зерттеуде олар жеке тілдік қабат ретінде жеке-жеке талданады. Сондай-ақ, парсы сөздерінің қазақ тіліне сіңісу деңгейіне байланысты олар үш топқа бөлініп сипатталады: а) қазіргі қазақ тілінде бастапқы мағынасын сақтап қолданылып жүрген сөздер; ә) семантикалық өзгеріске түскен, бірақ қолданыста бар сөздер; б) қазіргі қазақ тілінде көнерген не мүлдем қолданылмайтын лексикалық бірліктер. Парсизмдердің фольклорлық жырлар мен қазіргі қазақ тіліндегі мағыналық ерекшеліктері де назардан тыс қалмайды. Зерттеудің басты мақсаты – «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін парсы сөздерін лексика-семантикалық тұрғыдан саралай отырып, шағатай жазба тілі мен қазақ тілі арасындағы тарихи-тілдік байланыстарды ашып көрсету.

**Түйін сөздер:** шағатай жазба тілі, парсы тілдік қабаты, лексика, семантика, актив сөздер, пассив қабат.

---

## Кіріспе

Қай қоғамды алсақ та, халықтар арасындағы саяси-экономикалық, мәдени-рухани байланыстар үнемі үздіксіз жүріп жатады. Мұндай өзара ықпалдастықтар тілдік жүйеге де әсер ететіні анық. Бір халықтың тіліне екінші бір ұлттың тілі ықпал етіп, лексикалық жүйеге жаңа сөздердің енуіне себеп болады. Бұл тілдік құбылыс – кірме сөздердің пайда болуына негіз болады. Белгілі түркітанушы ғалым Ғ.Мұсабаев бұл үрдіс жайында: «Бір тілге көршілес тілдерден сөз ауысу процесі – сол сөз енген тілдің жалпы сөздік құрамының бау жолының бірі. Бұл барлық тілде де болып тұратын құбылыс», – деп атап көрсетеді [1, 106 б.].

VIII ғасырда арабтардың Орта Азияны жаулап алуымен бірге ислам діні мен араб мәдениетінің ықпалы кең етек жайды. Бұл ықпал негізінен әдебиет, дін, ғылым, сауда, әкімшілік басқару сияқты қоғамдық салалар арқылы тарады. Осы тарихи кезеңде түркі тілдеріне араб тілінен көптеген лексикалық бірліктер енді. Ал X ғасырдан бастап аймақта парсы тілінің ықпалы арта түсті. Дегенмен, кейінгі кезеңдерде де араб тілі діни салада жетекші рөлін жоғалтқан жоқ.

Айта кету керек, парсы тілі де араб тілінің ықпалынан тыс қалмаған. Арабтардың жаулап алуынан кейін бұл тілге де көптеген араб сөздері енген. Осы себепті парсы тілі Орта Азия түркі халықтары үшін тілдік дәнекер қызметін атқарды. Тарихи тұрғыдан алғанда, түркі тілдеріне парсы элементтері араб сөздерінен бұрын енген деген ғылыми пікірлер де бар [2, 87 б.].

Түркі, иран және араб халықтарының өзара тілдік және мәдени байланыстарын кешенді түрде зерттеу бүгінгі күні ғана көтерілген мәселе емес. Бұл тақырыпқа XX ғасырдың өзінде-ақ кеңестік шығыстанушы ғалымдар көңіл бөлген. Атап айтқанда, В.В.Бартольд, А.М.Щербак, Б.Г.Гафуров, И.М.Оранский сынды зерттеушілердің еңбектері осы бағытта жазылған ауқымды ғылыми мұра ретінде танылады. Қазақ тіл білімінде де бұл мәселеге ерекше назар аударылып келеді. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздық, Н.Оңдасынов сияқты отандық ғалымдар түркі тілдеріндегі кірме лексиканы жан-жақты зерттеген.

Ғалым Л.З.Рүстемов парсы тілі мен түркі тілдері арасындағы байланыс жайлы мынадай пікірді тұжырымдайды: «Опираясь на факты истории можно предположить, что иранизмы в языки тюркских племен населявших Среднюю Азию и Казахстан начали проникать гораздо раньше, чем арабизмы, ибо тюркоязычные племена вступали в различные взаимоотношения с ираноязычными народами (согдийцами, тохарами) еще задолго арабского нашествия» [3, 60 б.].

Түркі тілдеріне парсы элементтерінің енуіне әсер еткен негізгі факторлардың қатарына мыналарды жатқызамыз:

1. Түркі халықтарының ғасырлар бойы тәжік, парсы халықтарымен көршілес отырып, тікелей қарым-қатынаста болуы. Бұл жерде түркі халықтары мен иран-соғды халықтарының байланысы, олардың географиялық орналасуы, әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық және де басқа салалардағы тығыз байланыстың орнауы әсер етті.

2. Оқыған ғалым адамдар мен тұлғалар, жазба әдебиет үлгілері, әр түрлі мәдени, рухани байланыстардың болуы. Ағартушылық, ғылым, білім, әдебиет, мәдениет саласындағы терең байланыс пен қарым-қатынастардың ықпалы.

Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркі шежіресі», «Шежіре-и теракиме» еңбектерінің тілі XVII ғасырда Хиуа тұрғындарының сөйлеу тілінде жазылды деп саналады. Автордың «араб, парсы тілдерінен бір де бір сөз қоспадым» дегенін ескерсек те, шежіре тілінде кірме элементтердің, оның ішінде араб, парсы сөздерінің кездесетіні белгілі. Себебі сол кездегі халықтың сөйлеу тілінде араб, парсы сөздері мол болатын, әрі оларды қолданбауы мүмкін емес еді. Белгілі бір халық тілінде кірме сөздердің орын алуы – сөздік қордың үнемі толысып, дамып, өзгеріп отыратын қасиетіне байланысты. Зерттеу мақаласында түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты мол деректерді қамтыған «Шежіре-и теракиме» еңбегінің парсы тілдік қабатын лингвистикалық тұрғыдан талдауға тырыстық.

## Зерттеу әдістері мен материалдары.

Зерттеу мақаланың нысаны ретінде Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегінің Ташкент (Т) нұсқасы басшылыққа алынды. Аталған қолжазба мәтін Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Шығыстану институтының қолжазбалар қорында (№ 171, инв. №1522/V) сақталған [4, 25 б.].

Шежіре мәтінде кездесетін парсы элементтерін зерттеу барысында бірқатар лексикографиялық дереккөздерге сүйендік. Атап айтқанда, Н.Д.Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігі» (Алматы, 2003), Л.З.Рүстемовтің «Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі» (Алматы, 1989), Г.Мамырбекованың «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» (Алматы, 2017) және «Қазақ тіліндегі кірме сөздер сөздігі» (Алматы, 2019) сынды еңбектер зерттеу жұмысына негізгі құрал ретінде пайдаланылды.

Парсизмдерді лексика-семантикалық тұрғыдан сараптау барысында семантикалық талдау, тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеудің басты мақсаты – «Шежіре-и теракиме» шығармасындағы парсы элементтерін семантикалық аспектіде талдау, олардың қазақ фольклорындағы қолданылу сипатын айқындау және қазіргі қазақ тіліндегі тұлғалық әрі мағыналық ерекшеліктерін анықтау.

## Нәтижелер мен талқылаулар

«Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі парсы элементтерін лингвистикалық аспектіде талдау үшін оларды лексика-семантикалық тұрғыдан зерделеп, қолданылу ерекшеліктеріне сай жіктеп, саралауымызға болады. Бұл тұста шағатай жазба әдеби тілінде жазылған тарихи шежіредегі парсы сөздерін қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы жағынан айқындап көрсетуімізге болады. Себебі түркі тілдері өз ішінде оғыз, қыпшақ, қарлұқ элементтері өзара дыбыстық, морфологиялық жағынан ерекшеленгенімен, лексикалық қоры жағынан ортақтықтар мол кездеседі. «Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі парсы сөздерін талдау барысында оларды төмендегідей топтарға бөліп қарастыруымызға болады:

- а) Қазіргі қазақ тілінде мағыналық жақтан ешбір өзгеріссіз қолданылатын парсы сөздері;
- ә) Семантикалық жағынан аздаған өзгеріске түскен парсы сөздері;
- б) Қазіргі қазақ тіліндегі көнерген және мүлде қолданылмайтын парсы элементтері.

1. Қазіргі қазақ тілінде мағыналық жақтан ешбір өзгеріссіз қолданылатын парсы элементтері. Шежіре мәтіндегі парсы сөздерінің лексика-семантикалық қырын айқындауда қазақ тіліне бұрыннан еніп, сіңісіп кеткен мынадай тілдік бірліктерді кездестіруімізге болады: āškāre هراکشا (әшкере) (Т 71b-4), āvāz زاول (әyez) (Т 73a-8), āzād ازا (азат) (Т 103b-16), cān جان (жан) (Т 67a-8), firīšte تشریف (періште) (Т 67a-1), güvāh گوو (күә) (Т 92a-5), xudāy ادخ (Құдай) (Т 65a-11), kāse كسا (кесе) (Т 97b-15), kem كم (аз, кем) (Т 65a-6), kervān اورا (керуен) (Т 75a-1), günāh گناه (күнә) (Т 66a-11), mühr مهر (мөр) (Т 77a-11), rāst تاسار (рас, шын) (Т 88b-15), rüsvā اوسر (рәсуа) (Т 92a-12), sāye ساي (сая, көлеңке) (Т 79a-14), šehr شهر (қала, шаһар) (Т 74a-17), širin شیرین (шырын) (Т 102b-1), peyğāMBER پمغيب (пайғамбар) (Т 65a-10), dürüst تسررد (дұрыс) (Т 65b-13) т.б.

Аталған сөздердің «Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі қолданылу мысалдары:

Qızğa kişi yiberip sözleşmekke sırrım āškāre bolur tip qorqtı (Сырының әшкере боларынан қорқып, қызға біреуді жібереді) (Т 71b-4).

Anıñ üçün qanq tidiler kim, yörügende qanq qılıp āvāz qılır (Жүргенде «қаңқ, қаңқ» деген дыбыс шығарғаны үшін қаңқ деді) (Т 73a-8).

Xalq içinde rüsvā bolmasun tidim (Халық ішінде ұят болмасын дедім) (Т 92a-12);

Ayaz kör mālğa ve bularnıñ širin sözine köñlini berip bir kiçe ğāfil yatqanda Sanqlı Sinni öltürdi (Айаз малдың көптігіне, бұлардың айтқан шырын сөзіне көңіл беріп, бір түні бейғам жатқан Санқлы Синді өлтірді) (Т 102b-1).

Beli bu dünyā bir ribātğa oxşar ādem ferzendleri kervānğa oxşarlar (Иә, бұл дүние бір жіпке ұқсайды, адам перзенттері керуенге ұқсайды) (Т 75a-1).

Tās u taxt ve il barça yurt seniñki turur (Тәж, тақ, халық және барша жұрт сенікі) (Т 87b-13). Шежіреде кездесетін парсылық тәж сөзі ғалым Н.Д.Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде» (2011)

былайша түсіндіріледі: جال тадж, таж, тәж, тажы, тәжі. а) Өкімет белгісін көрсететін патшалардың құнды бас киімі; ә) Айдар, кекіл; б) Дәруіштердің басына киетін сопақ киіз қалпағы; в) Кісі аттарында кездеседі (Тәжи, Тәжі, Тәжібай, Тәжібек, Тәжіхан, Тәжікереі) [5, 61 б.].

Шежіреде лауазым, дәрежеге қатысты bahādır (Т 83а-8), хānım (Т 93b-5), pādīshāh (Т 73b-4), pādīshāhzāde (Т 79b-7) секілді парсы элементтері кездеседі.

Парсының dirigā دیرگه сөзі қазіргі қазақ тілінде өкініш, армандау, өкіну, ренжу сезімін білдіретін одағай (қап, әттең т.б.) ретінде қолданылады [6, 141 б.]. Шежіре мәтнінде де сол мағынасы сақталған: Dirigā ne qılayın tıp kör yigladı taqı aytdı: Siniñ atıñ Alp Tuğaç bolsun tidi («Дариға-ай, не істейін?» деп көп жылады, сенің атың «Алп Тугач болсын» деді) (Т 90а-1).

Сонымен қатар қазақ тілінде «аңсау», «сағыну» мәнінде уа, дариға тіркесі кездеседі:

Тау толағай көрінер тасы кетсе,  
Әр ел жесір қалады басы кетсе.  
Кәрі күш не болады, уа, дариға,  
Асырайтын қолынан жасы кетсе (Шал ақын).  
Айналып заман оңға уақыт келсе,  
Жарқырап бұлт астынан шыққан күндей.  
Арманым, уа, дариға, қалмас еді,  
Күн батып, таң атқанын қалсам білмей (Ақан сері).  
Жазира, жасыл кілем өрнектеген,  
Туған жерге, дариға, жер жетпеген!  
Кең өлкем, әлдилей бер, сен деп келем,  
Аңсап келем сағынып, шөлдеп келем (М.Мақатаев) [7, 600 б.].

Шежіреде кездесетін dost (Т 65а-12), düşmen (Т 84а-18), bi-günāh بایگүнә (бейкүнә) (Т 77а-18), günāh-kār گناهکار (күнәһар) (Т 102а-11) секілді парсы сөздері антонимдік қатар түзеді.

Сондай-ақ, «Шежіре-и теракиме» еңбегінде парсылық hem هم (да...де), уә ای (не, не болмаса, немесе) жалғаулық шылаулар жиі кездесіп отырады: Nārezmde olturğanları hem bizniñ kelürimizni işitip qaşır bu ayılğan üç yurtğa bardılar (Хорезмдегілері біздің келгенімізді естіп, осы айтылған үш жерге қашып барады) (Т 65b-6); Xudāy bilür kim bu bitilgen kişilerniñ her qaysısınıñ arasında on beş yā yigirmi kişiniñ atı bitilmey qalıp turur (Құдай білер, бұл жазылған кісілердің әрқайсының арасында он бес немесе жиырма кісінің аты жазылмай қалған) (Т 99а-4).

Шежіреде есімдіктер құрамында келетін her (әр), hiç (еш) компоненттерінің қолданысы: Her qaysısı bir türlü ve bir dürust i'tibār qılgu dek tārix bolsa irdi yaхşı bolur irdi tıp ötün qıldılar irse anlarnıñ ötünlerini qabul qıldım (Әрқайсы әр түрлі, қадірлеп қарайтын бір дұрыс тарих болса жақсы болар еді) деп (тарихын жазуымды) өтініш қылды. Олардың өтінішін қабылдадым) (Т 65b-13); Sipās u sitāyış ol igege kim anıñ hiç evveli vü āxiri yoq ve yurtınıñ zevāli yoq ve atası ve anası yoq ve xātunı ve oğulı ve qızı ve keñeşe turğan kişisi yoq turur (Бастауы және бітуі, мекенінің соңы, ұқсасы және теңдесі жоқ, әкесі, анасы, әйелі, ұлы, қызы, кеңесетін кісісі болмаған Тәңірге мақтаулар мен шүкірлер болсын) (Т 65а-1).

Жоғарыда талданған парсы сөздері қазіргі қазақ тілінде мағыналық жағынан ешбір өзгеріске түспеген лексикалық бірліктер. Бұл жердегі парсылық элементтер түркі тілдеріне енгенде тілдің бейімдеп алу қабілетіне қарай дыбыстық өзгерістерге түскендігі көрініп отыр.

2. Семантикалық жағынан аздаған өзгеріске түскен парсы сөздері.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде семантикалық жақтан аздаған өзгеріске түскен парсы сөздерінің бірі – āfītāb آب آفتاب. Қазіргі қазақ тілінде аптап сөзінің «ыстық жел» деген ауыспалы мағынасы жиі қолданылады [6, 44 б.]. Ал шежіреде аталмыш сөз «күн» мағынасында жұмсалған: Tumanlı kün āfītāb bolur, tumanniñ soñı yaғuq bolmaу bolmas (Тұманнан соң күн болар, тұманның соңынан жарық болмай болмас) (Т 87а-2). Аптаптың «күн» мағынасын ауыз әдебиеті үлгілерінен де кездестіре аламыз: Аптаптың ыстығына шыдай алмай, Бір дарақтың түбіне келіп жетті («Хикаят дастан Хатымтай»); Ей, әйел, тыңда, – депті, – мынау гәпті, Аударып ыстық ауа жел аптапты («Әбуғалисина, Әбілхарис» дастаны) [8, 120 б.].

Сонымен бірге қазақ тіліндегі баба باب сөзі шежіреде «әке» мағынасында келеді: Köl İrkige baqır aytdı: Ey baba bu olturğan taxtıñ uluğ atam Duyılı Qayınıñ turur (Көл Ырқыға қарап айтты: «Ей баба, отырған бұл

тағың үлкен атам Дуилы Қайыныкі) (Т 88b-10). Бабаның парсы тіліндегі мағынасы «әке», «көпті көрген, көп жасаған қария», ал қазақ тілінде «арғы ата» (бабаларымыз, ата-баба), «қадірлеу, құрметтеу мағынасында әйгілі тұлғалар есімдерімен тіркестіре айтылатын сөз» (Жамбыл бабам, Қорқыт бабам т.б.) ұғымында да беріледі [6, 70 б.].

Г.Мамырбекованың «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» (2017) баба сөзіне мынадай анықтама берілген: (пар. баба *اباب*) 1. Әке. 2. Көпті көрген, көп жасаған қария: Я болмаса, жан баба, Әкемнен хабар білдің ба? («Алпамыс батыр»); 3. Ауысп. Арғы ата: Мұның ұлық бабасы – Мағрұф халил, Отқа салды оны ол Намруд жаһил («Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі»); Бабасының бұ сөзін естіген соң, Көңілі сонда шаттанды бек қабағат («Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр»); Қайым қылып, заманын, Хандардың бұзған қамалын, Ұранға шыққан Ағатай, Бірге туған Есіркеп Аруақты бабасы («Исатай-Мақамбет») [8, 110 б.].

Қазіргі қазақ тілінде парсының көше *سوق* сөзі «қатарласа тізілген үйлердің арасындағы жерді» білдірсе [6, 255 б.], шежіреде «бұрыш» мағынасында келеді: Тақи қызні көшеге җарлар ант беріп айтди-ким: Атам таңға иккі қыз алıp берди аналрнı sıvmegenımnıñ sebebi bu kim men müsülmān anlar kāfir (Қызды бұрышқа шақырып ант ете отырып: «Әкем маған екі қыз алды, оларды жақсы көрмеуімнің себебі – мен мұсылманмын, олар – кәпір», - деп айтты) (Т 71b-5).

Сол секілді парсы тіліндегі маза *مزہ* сөзі қазақ тілінде «жайбарақаттықты, тыныштықты» білдірсе [6, 293 б.], шежіре мәтінінде «дәмді, тартымды, жағымды» мағынасы қолданылған: Anı alıp yedi irse aǵızǵa bisyār hoş meze keldi (Оны алып жегенде ауызына өте жағымды дәм келді) (Т 69b-4). Қазақ тілінде мазалы сөз тіркесі «жағымды, ұнамды, тартымды сөз» деген мағынаны білдіреді: Сөйлеген сөзі мазалы, Зәмзәмнің бейне суындай («Қасым Жомарт» дастаны); Сөйлеген сөзі мазалы, Сары алтынның буындай («Қисса Жәмшид») [8, 398 б.].

Парсылық элементтердің тағы бірі – *تختي* байтақ сөзі. Қазақ тілінде аталмыш сөздің келесідей мағыналары сақталған: 1. Патшаның ордасы. Байтағын жауға алдырып, Қара орманын қалдырып, Азамат аңсап келгенде, Аяймыз деді немізді («Исатай-Мақамбет» дастаны); Егер де балауыз шам шықса жанып, Сөндірмей пайтағыма келтір алып («Әбуғалисина, Әбілхарис»); Француздың пайтахыты Париж барып, Сұлтан Ғабдал, Хамидтер алдына алып («Қажымұқан». М.Жүсіп). 2. Ауысп. Тақ. Жылап жүрген Бабалы ед, Мінгізді бұған пайтақты («Көрұғлының Шағдатқа барғаны»). 3. Ауысп. Шексіз. Жері байтақ, елі бай, Алтын-күміс, қазына сай («Еңсегей бойлы Ер Есім»). 4. Ауысп. Ел, жұрт. Байтағым деп зарланып, Айтып жылай жөнелді («Едіге жыр»); Байтақ халқым тапсырдым, Әуелі Құдай өзіңе («Қобыланды батыр» (Сәдуақас Ділманов нұсқасы)) [8, 87 б.]. Шежіреде «астана» мағынасы орын алған: Xutbeni öz atıǵa oqutur ve sikkeni öz atıǵa soqturur Lektuni şehrinı pāy-ı taxt qılıp olturdi (Құтпаны өз атына оқытып, ақша таңбасын өз атына соқтырып, Лектуни қаласын астана қылды) (Т 76b-9).

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін тағы бір парсы текті сөз – «қанат» мағынасындағы *پەر* пәр сөзі. Мысалы: Teñriniñ emri birleñ ‘Azra’ıl kelip İdris ‘aleyhi’s-selāmni perniñ üstide qoyur behiştke alıp bardı (Тәңірдің әмірімен Әзірейіл келіп, Ыдрыс алейхиссаламды қанатының үстіне қойып, жәннатқа алып барды) (Т 68a-7). Ғалым Н.Оңдасынов өзінің «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде» (2003) парсының *پەر* пәр, пар, пәр сөзіне мынадай түсіндірме береді: Паруаз, паруана тәрізді сөздердің құрылымында «қауырсын, қанат, қанатты» деген мағынаны білдіреді [9, 65 б.].

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін парсы элементтерінің тағы бірі – *سپاہی* «арнайы, мықты әскер». Мысалы: Ol vaqtda ‘İraq ve Xorāsān ve Māverā’ū’-nehirniñ pādişāhları ve sipāhileri ve ra’ıyyetleri baǵçaları Tāt irdi (Ол уақытта Ирак, Хорасан, Маверауннехрдің билеушілері, жауынгерлері бәрі парсы еді) (Т 85b-3). Қазақ тілінің пассив қабатында қолданыста болған сепәһи сөзі «жауынгер, сарбаз» мәнінде жұмсалған: Жөнелді көп сепәһи жолдас илән, Кез болды алдарынан қалың орман («Қисса Шеризат»); Қалуатсыз хас сыпа, Орынсыз мәжіліс құрмайды (Тұрмағамбет Ізтілеуов); Сөйледі бір күн хан Тұрсын, Уәзір, сыпа, данаға («Еңсегей бойлы Ер Есім»). Сепәһи, сипаһ, сапаһ, сыпа парсының сепәһи *سپاہی* сөзі [8, 512 б.]. Қазақ тіліндегі «кішіпейіл, сабырлы, ұстамды» мағынасындағы сыпайы сөзі парсының сипаһ сөзінің өзгеріске түскен формасы. Сонымен бірге қазақ тіліндегі сыпайы сөзі «мәдениетті» деген ұғымды білдіреді.

3. Қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын және көнерген парсы элементтері.

Қазақ фольклорлық жырларында жиі кездесетін пиада сөзі «жаяу», «жаяу жүру» деген мағынаны

білдірген. Парсының пиаде *حالیپ* сөзінен енген: Бағзылары пиада, Екі етегін белге түріп («Қисса Зарқұм»); Ахметті мінгіз атына, Ол үшін мен жүрейін пияда («Қисса Бозұғлан» (Ә.Бижанұлы нұсқасы)). Шырағым, мынау аттың бірін мініп, біреуін жетелеп, падада жүрген шешеңе жет («Еңсегей бойлы Ер Есім»). Пиядалау – жаяулау, жаяу жүру: Пиядалап жетер болдым, Мен шопанлық ықтияр қылдым («Хикаят Көрұғлы сұлтан») [8, 384 б.]. Шежіредегі қолданылу мысалы: *Bahār bolğandın soñ piyāde kele turur miz* (Көктем кіргеннен бері жаяу келе жатырмыз) (Т 75b-7).

Қазақ фольклорлық жырларында актив қолданыста болған лексикалық бірліктердің бірі – *فاریاد* фариад сөзі. Мысалы: 1. Айғай, айғайлау: Ашулансам сайраймын ащы қылып, Оянар дию, пері қылсам фариад («Қисса Мәлік Хасен»); 2. Зар еңіреу, зар жылау: Жұмақ пенен тамұғының арасында, Ала алмай жанын сонда қылған фәриад («Ғазірейіл періштенің жанын алатын баяны». М.Жүсіп); Зылиха зар жылайды, фәряд салып, Қызметкерлер жиылды қайран қалып («Жүсіп-Зылиха») [8, 519 б.]. Парсының фариад *فاریاد* сөзінен енген. Қазақ тілінің бейімдеу заңдылығына сай дыбыстық өзгерістерге түскен формалары: фариад, фариад, фәриад, фәриад, фәриод, парияд. Шежіредегі қолданысы: *Amu suynıñ qıble tarafındın bir kök atlı kişi kelip feyād qılıp aytıp turur: Meni ötkeriñizler tip* (Әму суының оңтүстігінен бір көк атты кісі келіп, «мені өткізіңдер» деп айғайлайды) (Т 104a-4).

Шежіреде кездесетін баһана сөзі қазіргі қазақ тіліндегі пассив лексикалық бірліктердің бірі болып табылады: *Qozı Teginnıñ mañğa meyli bar, anıñ üçün meni atasıǵa bahāne birlen alıp bere turur* (Қозы Тегиннің менде көңілі бар, соны сылтау қылып, мені әкесіне алып бермекші) (Т 91a-11). Аталмыш сөз парсының бәһана *باجانه* сөзінен енген. Қазақ тіліндегі формалары: баһана, бәһәна, бәһәнә, бәһана, фаһана. «Сылтау» мағынасындағы баһана сөзі қазақ фольклорлық шығармалары мен ескі қазақ жазбаларында жиі қолданыста болған: Нөкерлерім Төкеханға гүманда, Қашам десем, таба алмадым баһана («Едіге батыр эпосы»); Азырақ, халқым, тыңдаңыз, Бенденікі бәһәна, Бұл хадиса бір себеп («Алпамыс батыр» (А.Нысанов нұсқасы)); Бәһәнә бұны қылмаңыз, Бір әңгіме етелік (Майлықожа Сұлтанқожаұлы) [8, 97 б.].

Шежіреде «жасырын» мағынасын білдіруде *bi-nihani*, *pinhāni* сөздері қолданылған: *Meniñ birlen be-nihāni ‘ıyş qılǵau yoq irse qarı kişige meniñ teg sāhib-i cemāl kızını ni üçün alıp berür irdi* (Менімен жасырын көңіл көтергісі келеді. Әйтпесе мен секілді сұлу қызды не үшін әкесіне алып берсін) (Т 91a-12); Аталмыш сөздің Н.Д.Оңдасыновтың «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде» (2003) түсіндірмесі берілген: *بنهانی* пәнһан, пінһан. Жасырын, тығулы, бүркеулі, жасырылған, тығылған [9, 57 б.].

*Kāşin-kārlı uaxşı günbed turur* (Фарформен (шынымен) нақышталған әдемі күмбез) (Т 106a-4). Берілген мысалдағы *kāşin-kār+lı* сөзі «шыныдан жасалған» деген мағынаны білдіреді [4, 393 б.]. Яғни кәрлен парсының гәрден *كردن* сөзінен енген, яғни «үлкен фарфор кесе» [3, 225 б.]. Қазақ тілінде әдемі ою-өрнекті, сырлы кесені кәрлен кесе дейді [10, 63 б.].

«Шежіре-и теракиме» еңбегінің парсылық қабатынан орын алған қазақ тіліндегі көне элементтердің қатарын келесі тілдік бірліктер толықтыра түседі: *dürud* (Т 65a-10) *دورد* (дұға, сәлем) [8, 182 б.], *hemişe* (Т 71a-2) *هشيمه* (үнемі, ылғи) [8, 615 б.], *henuz* (Т 77b-8) *زونه* (әлі) [8, 617 б.], *kedxudā* (Т 85b-11) *الخدك* (ақылшы) [8, 270 б.], *zemin* (Т 68b-13) *نيمز* (жер, өлке) [8, 219 б.], *çeşme* (Т 105a-17) (бұлақ) [8, 634 б.], *tā* (Т 78b-13) *ال* (дейін, шейін) [8, 523 б.], *tāb* (Т 94b-1) *تابت* (күш, қуат) [8, 536 б.], *vü* (Т 91a-2) (және) [8, 105 б.], *gāh* (Т 85a-20) (бірде) [8, 126 б.].

Қазақ тілінде мүлде қолданылмайтын парсы сөздері: *māder-zād* (Т 71a-5) (анадан туғалы) [4, 415 б.], *gerdiş* (Т 99a-7) (қайту) [4, 369 б.], *guşiş* (Т 102b-9) (тырысу, күресу) [4, 369 б.], *güruh* (Т 100b-5) (қауым, жамағат) [4, 369 б.], *hargah* (Т 69a-12) (үлкен шатыр) [4, 372 б.], *bi-dadger* (Т 94b-14) (залым) [4, 344 б.], *müdārā* (Т 84a-19) (күле қарау, дос көріну) [4, 421 б.], *nemekin* (Т 69b-5) (тұзды, дәмді) [4, 422 б.], *sārbān* (Т 104b-10) (түйеші) [4, 441 б.], *sipās* (Т 65a-1) (шүкір ету) [4, 444 б.], *sitāyiş* (Т 65a-1) (мақтау, мадақ) [4, 444 б.], *çeñe* (Т 86a-2) (иек) [4, 360 б.], *ki* (Т 78b-15) (шылаудың бір түрі) [4, 402 б.], *pes* (Т 85a-5) (осылайша, енді) [4, 438 б.], *şāyed* (Т 90b-19) (егер де) [4, 449 б.], *şend* (Т 71b-6) (бірнеше) [4, 360 б.], *bervech* (Т 99a-8) (сияқты) [4, 343 б.].

Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегін кешенді талдау барысында парсы текті лексемалардың қолданыс ерекшеліктері мен олардың семантикалық табиғаты айқындалды. Жүргізілген зерттеу жұмысы бұл лексикалық қабаттың тілдік-мәдени даму процесінде ерекше орын алғанын және түркі жазба дәстүрінің қалыптасуына елеулі үлес қосқанын көрсетеді.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінің парсы тілдік қабатын саралай отырып, ондағы парсы элементтерін қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы жағынан төмендегідей топтарға жіктеп көрсеттік:

1. Қазіргі қазақ тілінде семантикалық жағынан ешбір өзгеріссіз қолданылатын тіл бірліктері (āvāz زاوا (әуез) (Т 73a-8), cān نجان (жан) (Т 67a-8), firīšte تشریف (періште) (Т 67a-1), kāse كاسه (кесе) (Т 97b-15), šehr شهر (қала, шаһар) (Т 74a-17), širin شیرین (шырын) (Т 102b-1), reyğāmbēr ریمغیب (пайғамбар) (Т 65a-10), dūrūst تدرست (дұрыс) (Т 65b-13) т.б.);

2. Лексика-семантикалық жағынан аздаған өзгеріске түскен парсы сөздері. Бұл кезең бойынша қазақ тіліндегі парсы сөздерінің шежіре мәтінінде ауыспалы мағынада жұмсалғандығы турасында сөз болды. Мысалы: āfitāb آبآفتاب – қазіргі қазақ тілінде «ыстық жел» деген ауыспалы мағынасы жиі қолданылса, шежіреде аталмыш сөз «күн» мағынасында жұмсалған; қазақ тіліндегі baba باب сөзі шежіреде «әке» мағынасында келеді; қазіргі қазақ тілінде парсының көше كوچه сөзі «қатарласа тізілген үйлердің арасындағы жерді» білдірсе, шежіреде «бұрыш» мағынасында келеді; сол секілді парсы тіліндегі маза مزه сөзі қазақ тілінде «жайбарақаттықты, тыныштықты» білдірсе, шежіре мәтінінде «дәмді, тартымды, жағымды» мағынасы қолданылған.

3. Қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын және көнерген парсы элементтері (riyāde رحایه «жаяу», «жаяу жүру», feryād حایرف «айғайлау», «зар жылау, «зар еңіреу», bahāne بانه «сылтау» т.б.). Сонымен бірге қазіргі қазақ тілінде мүлде қолданылмайтын парсы элементтері зерделенді: māder-zād (Т 71a-5) (анадан туғалы) [4, 415 б.], gerdiš (Т 99a-7) (қайту) [4, 369 б.], gušiš (Т 102b-9) (тырысу, күресу) [4, 369 б.], güruh (Т 100b-5) (қауым, жамағат) [4, 369 б.], müdārā (Т 84a-19) (күле қарау, дос көріну) [4, 421 б.], nemekin (Т 69b-5) (тұзды, дәмді) [4, 422 б.], sārban (Т 104b-10) (түйеші) [4, 441 б.], sipās (Т 65a-1) (шүкір ету) [4, 444 б.], sitāyis (Т 65a-1) (мақтау, мадақ) [4, 444 б.] т.б. Мұндай жіктелім парсы элементтерінің сіңісу деңгейін анықтауға және олардың тарихи-мәдени контексте қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

Парсы текті сөздер қазақ тілінің лексикалық қазынасына терең бойлап, оның маңызды құрамдас бөлігіне айналған. Олардың елеулі бөлігі төл сөздер қатарында қолданысқа толық сіңісіп кеткендіктен, тілдік санада кірме сөз ретінде қабылданбайды.

Парсылық элементтердегі мағына кеңеюі мен тарылуы олардың жаңа мәдени-тілдік ортаға бейімделуін айқындайды. Бұл құбылыс тілдің өзіндік ішкі заңдылықтарын ғана емес, сонымен бірге тарихи-әлеуметтік процестердің тілдік көрінісін де танытады. Семантикалық эволюция – тіл тарихындағы кумулятивті өзгерістердің айқын айғағы.

Қазіргі таңда түркі лексикологиясындағы маңызды мәселелердің бірі – әрбір тілге синхронды және диахронды жақтан кешенді талдаулар жүргізу. Қазіргі лингвистика ғылымында тіл мен мәдениет, тіл мен саясат, тіл мен таным, тіл мен этнос мәселелеріне басымдық берілсе, тарихи лексикологияда жазба ескерткіштердің тілін зерделеу ісі айрықша маңызға ие [11, 85 б.]. Шағатай жазба дәстүріне негізделген тарихи жәдігерлер мен қолжазба еңбектер жайлы деректерді Қазақ хандығы тұсында жазылған дереккөздерден де мол кездестіруімізге болады [12, 71 б.]. Түркі тілдес халықтар, олардың тілдерінде көнеден келе жатқан жазба дәстүр қалыптасқан [13, 10 б.].

«Шежіре-и теракиме» мәтініндегі парсизмдерді жүйелі зерттеу түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы мен араб-парсы ықпалының сипатын айқындауда маңызды дерек көзі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл еңбектегі лексикалық материал түркі тілдерінің даму кезеңдерін, тілдік ықпалдастық ерекшеліктерін, мәдени интеграция процестерін зерделеуде құнды мәлімет береді. Парсизмдердің тарихи қолданысын зерттеу қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамын жаңа қырынан түсінуге, оның даму динамикасын айқындауға, әрі тарихи тіл білімінде кірме элементтердің эволюциясын тануға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеу жұмысы барысында «Шежіре-и теракиме» шығармасының парсы тілдік қабаты кешенді түрде қарастырылып, онда кездесетін парсы элементтері лексика-семантикалық тұрғыдан талданды. Ортағасырлық шағатай жазба тілі мен қазақ тілінің лексикалық жүйесі арасындағы тұлғалық және мағыналық ұқсастықтар мен айырмашылықтар арнайы зерттеуге түсті. Парсы текті сөздерді саралауда олардың қазақ тіліндегі фонетикалық түрленуі мен семантикалық сипаттары ескерілді.

Әбілғазы Баһадүр ханның XVII ғасырда жазылған «Шежіре-и теракиме» еңбегі тілдік жағынан сол дәуірдің басқа да жазба ескерткіштерінен біршама ерекшеленеді. Ортағасырлық авторлар, әдетте, шығармаларында араб және парсы сөздерін кеңінен қолданып, осы тілдерге тән синтаксистік құрылымдарға

бой ұрса, Әбілғазы шежіресін жазуда көне түркі тілінің табиғи элементтерін сақтай отырып, барша түркі халықтарына түсінікті болуын мақсат еткен. Бұл шығарманың тілінен көне қыпшақ тіліне (XI–XIII ғғ.) тән белгілердің де сақталғанын байқауға болады.

Жүргізілген талдаулар шағатай жазба әдеби тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық бірліктердің дыбыстық, тұлғалық деңгейде бірқатар айырмашылықтарға ие екендігін көрсетті. Осы негізде, «Шежіре-и теракима» еңбегін дәстүрлі шағатай жазба тілінен гөрі түркі халықтарына ортақ, жалпытүркілік сипаттағы, «нағыз түрік тілінде» жазылған туынды ретінде бағалауға болады. Шежіре тілін лексикалық және грамматикалық тұрғыдан саралап, оны қазақ тілімен сабақтастыра зерттеу – қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерін нақтылауға, тарихи грамматика мен тарихи лексикология салаларын толықтыра түсуге зор үлес қосады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР22687210 ««Шежіре-и теракима» еңбегінің этимологиялық тезаурус сөздігі» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Балтабай Д.Ә.** – зерттеудің тұжырымдамасын дайындап, деректер жинақтауға ат салысты, сонымен қатар мақаланың негізгі нұсқасын әзірледі.

**Байбосын Ә.М.** – мақала тақырыбына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін зерделеуге, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Кеңесбаев, І., Мұсабаев, Ғ. (1962) Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы: ОПБ, б. 315.
2. Сағындықұлы, Б. (2006) Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ.) салыстырмалы лексикасы: оқу құр. Алматы, б. 112.
3. Рустемов, Л.З. (1963) Арабско-иранские заимствования в казахском языке: диссертация на соискание кандидата филологических наук. Алма-Ата, с. 287.
4. Ölmez, Z.K. (1996) Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). Ankara. «Şafak Matbaacılık», s. 559.
5. Оңдасынов, Н.Д. (2011) Араб текті қазақ есімдері. Алматы: Білім, б. 224.
6. Қазақ тіліндегі кірме сөздер сөздігі (2019). Құраст. Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. Алматы, б. 596.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (2011) 4-том. Құраст.: Н. Әшімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. Алматы, б. 752.
8. Мамырбекова, Г. (2017) Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, б. 658.
9. Оңдасынов, Н.Д. (2003) Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Білім, б. 320.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 т. (2011) құраст. Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. 7, Алматы, б. 752.
11. Kenzhalin, K.K., Konyratbayeva, Zh., Satemirova, D., Abdualiuly, B. Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research). International Journal of Society, Cultural & Language – 2021. №9 (2). pp. 85-97.
12. Uldanay, Jumabay. (2020) Düysenali Abdilaşım. The Old Kazakh written language. Ural-Altai Studies, 4 (39). pp. 71-76. DOI: <http://dx.doi.org/10.37892/2500-2902-2020-39-4-71-76>
13. Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. (2020) The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 12 (4). pp. 1-11. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>

---

Д.Ә. Балтабай<sup>1</sup>, Ә.М. Байбосын<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Академия образования имени А. Байтурсынұлы, Астана, Казахстан

(E-mail: baltabayev.dosjan@mail.ru, ali\_baibosin@mail.ru)

### Семантика персидских слов, встречающихся в произведении «Шежире-и теракиме»

**Аннотация.** Лингвистический анализ тюркского письменного наследия, исторических рукописей и эпосов играет важную роль в определении исторического развития языка и его становления. Объектом исследования статьи стало произведение Абилгазы Бахадур-хана «Шежире-и теракиме», написанное в XVII веке. Это произведение является средневековым письменным памятником, содержащим ценные сведения об истории, культуре, этнографии и географических названиях тюркских народов. Данное произведение представляет собой вариант эпоса «Огузнама», написанный арабским алфавитом. В лексическом составе текста произведения, наряду с древнетюркскими словами, часто встречаются арабские, персидские и монгольские слова. В статье рассматриваются лексико-семантические особенности парсизмов, встречающихся в данном произведении. Кроме того, ставится задача определить сферу их употребления в современном казахском языке, казахском фольклоре и поэзии жырау. В то время как в исторической лексикологии заимствованная лексика, представленная арабскими и персидскими словами, рассматривается как единая «арабо-персидская лексика», в данном исследовании эти элементы анализируются отдельно, как отдельный лингвистический пласт. В зависимости от степени усвоения персидских слов казахским языком они делятся на три группы и описываются: а) слова, которые используются в современном казахском языке, сохраняя своё первоначальное значение; б) слова, претерпевшие семантические изменения, но всё ещё употребляемые; в) лексические единицы, вышедшие из употребления или полностью не используемые в современном казахском языке. Основная цель исследования – выявить историко-лингвистические связи между чагатайской письменностью и казахским языком путём анализа персидских слов, встречающихся в тексте «Шежире-и теракиме», с лексической и семантической точек зрения.

**Ключевые слова:** чагатайская письменность, персидский языковой пласт, лексика, семантика, активные слова, пассивный пласт.

D.A. Baltabay<sup>1</sup>, A.M. Baibossyn<sup>2</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>A. Baitursynuly Academy of Education, Astana, Kazakhstan

(E-mail: baltabayev.dosjan@mail.ru, ali\_baibosin@mail.ru)

### Semantics of Persian words found in the work “Shezhire-i terakime”

**Abstract.** Linguistic analysis of the Turkic written heritage, historical manuscripts and epics plays an important role in determining the historical development of the language and its formation. The object of the study of the article was the work of Abilgazy Bahadur Khan, “Shezhire-i terakime”, written in the 17th century. This work is a medieval written monument containing valuable information about the history, culture, ethnography and geographical names of the Turkic peoples. This work is a version of the epic “Oguznama”, written in the Arabic alphabet. In the lexical composition of the text of the work, along with ancient Turkic words, Arabic, Persian and Mongolian words are often found. The article examines the lexical and semantic features of Parsisms found in this work. In addition, the task is to determine the scope of their use in the modern Kazakh language, Kazakh folklore and zhyrau poetry. While in historical lexicology, borrowed vocabulary, especially Arabic and Persian words, is considered as a single “Arab-Persian vocabulary”, in this study, it is analyzed separately, as a separate linguistic layer. Also, depending on the degree of assimilation of Persian words by the Kazakh language, they are divided into three groups and described: a) words that are used in the modern Kazakh language, retaining their original meaning; b) words that have undergone semantic changes, but are still used; c) lexical units that have fallen out of use or are

completely not used in the modern Kazakh language. The main goal of the study is to identify the historical and linguistic links between the Chagatai script and the Kazakh language by analyzing the Persian words found in the text of “Shezhire-i terakime” from the lexical and semantic points of view.

**Keywords:** Chagatai writing, Persian language layer, vocabulary, semantics, active words, passive layer.

## References

1. Kenesbaev, I., Musabaev, F. (1962) Kazirgi kazak tili. Leksika, fonetika. Almaty: OPB, b. 315. [in Kazakh]
2. Cagyndykuly, B. (2006) Altyn Orda zhazba eskertkishterinin (XIV ғ.) salystyrmaly leksikasy: oku kur. Almaty, b. 112. [in Kazakh]
3. Rustemov, L.Z. (1963) Arabsko-iranske zaimstvovaniya v kazahskom jazyke: dissertaciya na soiskanie kandidata filologicheskikh nauk. Alma-Ata, s. 287. [in Russian]
4. Ölmez, Z.K. (1996) Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). Ankara. «Şafak Matbaacılık», s. 559. [in Turkish]
5. Ondasynov, N.D. (2011) Arab tekti kazak esimderi. Almaty: Bilim, b. 224. [in Kazakh]
6. Kazak tilindegi kirme sozder sozdigi (2019). Kurast. Sh. Kurmanbajuly, S. Isakova, B. Mizamhan zhane t.b. Almaty, b. 596. [in Kazakh]
7. Kazak adebi tilinin sozdigi. (2011) 4-tom. Kurast.: N. Ashimbaeva, K. Rysbergenova, Zh. Mankeeva zhane t.b. Almaty, b. 752. [in Kazakh]
8. Mamyrbekova, G. (2017) Kazak tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi. Almaty, b. 658. [in Kazakh]
9. Ondasynov, N.D. (2003) Parsysha-kazaksha tusindirme sozdik. Almaty: Bilim, b. 320. [in Kazakh]
10. Kazak adebi tilinin sozdigi: 15 t. (2011) Kurast. B. Momynova, B. Sujerkulova, A. Fazylzhanova zhane t.b. 7, Almaty, b. 752. [in Kazakh]
11. Kenzhalin, K.K., Konyratbayeva, Zh., Satemirova, D., Abdualiuly, B. Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research). International Journal of Society, Cultural & Language – 2021. №9 (2). pp. 85-97.
12. Uldanay, J. (2020) Düysenali Abdilaşım. The Old Kazakh written language. Ural-Altai Studies, 4 (39). pp. 71-76. DOI: <http://dx.doi.org/10.37892/2500-2902-2020-39-4-71-76>
13. Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. (2020) The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 12 (4). pp. 1-11. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>

## Авторлар туралы мәлімет:

**Балтабай Д.Ә.** – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Байбосын Ә.М.** – PhD, А. Байтұрсынұлы Білім Академиясы, Астана, Қазақстан.

**Балтабай Д.Ә.** – PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Байбосын Ә.М.** – PhD, Академия образования имени А. Байтұрсынұлы, Астана, Казахстан.

**Baltabay D.A.** – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Baybossyn A.M.** – PhD, A. Baitursynuly Academy of Education, Astana, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).